



ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жұмыс дәптері

3
СЫНЫП

А. Қ. Биисова, А. А. Байтурсынова, Л. Ж. Джусупкалиева

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
арнайы мектептердің (сыныптардың)
3-сыныбына арналған жұмыс дәптері

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша

Алматы
2020

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922
Б 52

Шартты белгілер:



– жаз



– сыз



– боя

- – күрделіліктің төменгі деңгейіндегі тапсырма
- – күрделіліктің орташа деңгейіндегі тапсырма
- – күрделіліктің жоғары деңгейіндегі тапсырма

Биисова А. Қ. т.б.

Б 52 Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 3-сыныбына арналған жұмыс дәптері / А. Қ. Биисова, А. А. Байтурсынова, Л. Ж. Джусупкалиева. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2020. – 48 б.

ISBN 978-601-249-736-6

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922

ISBN 978-601-249-736-6

© «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2020

Жас дос!

Біз сенімен жаңа оқу жылында тағы да кездескенімізге қуаныштымыз. Бұл жылы да сен қазақ тілінен алған біліміңді жалғастырасың. Жұмыс дәптеріндегі суреттер мен тапсырмалар сенің қазақ тілінен алған біліміңді шыңдауға көмектеседі. Берілген тапсырмаларды мұқият оқып, дұрыс орында. Қазақ тілінен алған біліміңді жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындауда қолданасың. Іске сәт, жас дос!

Авторлар

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Дыбыс және әріп

Дыбыстардың дұрыс айтылуы



● 1. Буындардан бірнеше сөздер құрап жаз.

ай

са

на

ша

ран

бақ

● 2. Сөздерді оқы, үлгі бойынша **ы, і** әріптерін қосып жаз.

Мектеп, тәртіп, жапырақ, топырақ, құрақ, доп, жауап, тірек, жүрек.

Үлгі: мектеп – мектебі, ... ,

● 3. Берілген сөздерді көшіріп жаз. Осы сөздердің ішінен 2-3 сөзбен сөйлем құрастырып жаз.

● Жан-жануарлар қалай дыбыстайды?

Бақа

Түйе

Ешкі

Жылқы

Шегіртке

Қой

Тоқылдақ

Шыбын

Жылан

Дыбыс және әріп арасындағы байланыс



- 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жаз.

Алм...рт, ...кі, құм...рсқа, ілг...ш, ж...март, ...спаз, б...гін, д...малыс, жан...р, орм...н, т...лек, оқул...қ.

- 2. Дауысты **у** дыбысының астын бір рет, дауыссыз **у** дыбысының астын екі рет сыз.

- **У** әрпі адасып қалды. Оның орнын тап.

А...ла, жаз... , ...ақыт, ...лы, ба...ыр, т... , са...сақ, қ...ырдақ, ш...уақ, дә...ір, ө...ен.

- 3. Суретке қатысты сөздерді тауып жаз.

Бала, бешпент, тақия, әже, ата, қыз, ұл, орман, ойнады, жазды, оқушы, қуыршақ, гүл.



- 4. Төмендегі сөздерді бас әріппен және кіші әріппен көшіріп жаз.

- Жазылуын есте сақта!

Парта, тамаша, мадақтау, дәрігер, ұстаз, табиғат, уақыт, балалық.

Үлгі: Парта – парта.

Дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке бөлінуі



● 1. Сөздерді буынға бөліп жаз.

● Жуан дауыстылардың астын бір сызықпен, жіңішке дауыстылардың астын екі сызықпен сызып белгіле.

Бала, ата, сәби, әке, ана, сіңлі, қарындас, іні, әже, аға, нағашы, жиен, дос.

● 2. Өлеңді оқы. Өлеңдегі дауысты дыбыстарды көшіріп жаз.

● Өлеңдегі дауысты дыбыстарды ғана әндетіп оқы.

Әрқашан Күн сөнбесін!
Аспаннан бұлт төнбесін!
Қасымда болсын анам,
Болайын мен де аман!

(Л. Ошанин)

● 3. Сөздерді оқы. Бірыңғай жуан дауысты дыбыстары бар туыстық қатынастарды білдіретін сөздерді теріп жаз.

Ата, шам, әке, әпке, нағашы, үстел, жеңге, ұшақ, бөле, жиен, жез, құндыз, іні, қарындас, құрдас, сыйлы, қонақ, қарлығыш, көрші, жыршы.

МЕНИҢ МЕКТЕБИМ

Буын және тасымал



- 1. Сөздер мен буындарды оқып, өз тобына жинақтап жаз.

Сөз	Буын
ша, ма, бас, қол, ору, су, лу, аяқ, ра, та, мұрын, көз,	то, ма, құлақ, шаш, кі, шы, тіл, сә, ха, тіс

- 2. Жұмбақты оқып, шешуін тап. Жұмбақтың шешуін буынға бөліп жаз.

Сөзі дана, үні жоқ,
Сөйлемейді – тілі жоқ.
Қолыңа алсаң – шешен,
Ақылы асқан көсем.

- 3. Мына сөйлемдерден мақалдарды тауып, буынға бөліп көшіріп жаз.

1. Кітап – білім бұлағы.
2. Өнерлі өрге жүзеді.
3. Балалар мұзайдынға келді.



● 4. Буындарды оқы. Ортақ буынды тауып, қыздардың аттарын жаз. Ол қандай буындар?

Ай
Гүл
Бал

Ай
Гүл
Бал

● 5. Буындарды оқы. Ортақ буынды тауып, ұлдардың аттарын жаз. Ол қандай буындар?

Нұр
Ер
Сер

Нұр
Ер
Сер

● 6. Сөздерді оқы. Буынға бөліп көшіріп жаз.

балапан

суретші

Құлагер

Алатау

ұшқыш

олжа

ауыл

қасқыр

Жайық

астана

Әліпби




● 1. Сөздерді оқып, әліпби ретімен көшіріп жаз.

Болашақ, жалын, қуаныш, асыл, гауһар, әже, вагон, ғасыр, дәуір, ине, еңбек, келешек, мөлдір, от, нар, лақ, саз, өткел, піл.

● 2. Суретті боя.

● «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің кейіпкерлерін әліпби ретімен жаз.



● 3. Өзің білетін үй жануарларының атын әліпби ретімен жаз.



4. Мына суреттегі жеміс түрлерін әліпби ретімен жаз.



5. Мына суреттерді қолданып мақал құрастырып жаз.



екен,



екен.

Дауыссыз дыбыстар



● 1. «Бауырсақ» ертегісін есіңе түсір.

● Бауырсақ кімдерден, нелерден қашты? Ертегіні әліпби ретімен жаз.



Ата, әже, қоян, түлкі, қасқыр, аю.

● 2. Әріптерді орнына қойып, сөздер құрастыр. Оларды жаз.

саыр ежә зутү зысық тттәі тақош бапалан

● 3. Суреттегі заттарға қарап оларды есіңе сақта. Атауларын жаз.



Нәтиже сабақ



● 1. Сөздердің құрамындағы дыбыстар мен әріптерді санына қарай топтап жаз.

Оюлы, ақыл, пияз, лагерь, дана, таяқ, қария, шуақ, дария.

4 дыбыс, 4 әріп	5 дыбыс, 4 әріп	5 дыбыс, 6 әріп

● 2. Бір буынды, екі буынды, үш және төрт буынды сөздерді ретімен көшіріп жаз.

Болашақ, мереке, балалық, доп, сәукеле, бөбек, сағат, ұшақ, кітапхана, бекет, кимешек, шұғыла.

● 3. Сыңарын тап. Сөз құрастыр және оны жаз.

Да мек ай жай са ша ке на ме теп

● 4. Жұмбақты оқы. Шешуін тауып, көшіріп жаз.

Атқарады талай-талай ісіңді,
Тазалайсың киімің мен тісіңді.

МЕНИҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

Заттың атын білдіретін сөздер



● 1. Суреттерге сұрақ қой.

● Заттың атын білдіретін сөздерді жаз.



● 2. Сөздерді оқы. Сұрақ қойып, үлгі бойынша көшіріп жаз.

Үлгі: мұғалім – кім?

Мұғалім, кітапханашы, жүргізуші, дүкенші, аспаз.

● 3. Сөздерді оқы. Сұрақ қойып, үлгі бойынша көшіріп жаз.



Үлгі: түймедақ – не?

Түймедақ, құмырсқа, жұлдыз, қоян, шегіртке, есек.



- 4. Жұмбақтардың шешуін тап.
- Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой.
- Суреттерді боя.

1) **Адамға** серік,
Күзетке берік.




2) Сулы **жерді** мекендеп,
Құрлықта да секеңдеп.
Шыбын-шіркей аңдиды,
Жемге қашан жетем деп.





- 5. Жұмбақтардың шешуін тап.
- Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой.
- Суреттерді боя.

Гүлдің нәрін жинайды,
Адамға бал сыйлайды.
Ұнатады бірлікті,
Қоғамдасқан тірлікті.
Еңбекқорды аялайды,
Еріншекті аямайды.





- 6. Жаңылтпашты тез оқып жаттық!
- Қыздардың атын теріп жаз. Олар қандай әріптен басталады?

Гүлмира
Гүлзираға
Гүл жинап,
Гүл-гүл сыйлады.
Гүлмира
Гүл-гүл сыйлаған
Гүлзира
Гүл-гүл жайнайды.



- 7. Көшіріп жаз.
- Бас әріппен жазылған сөздерді теріп жаз.

Аян, Әділ, Бекет Талдысай ауылында тұрады. Мынау – Қарасу көлі. Көлдің суы жылы. Көлдің жағасында балалар ойнап жүр. Ақтөс те балалардан қалмайды. Аян, Әділ, Бекет үшеуі дос.

- 8. Өлеңді мәнерлеп оқы.
- Туынды зат есімдерді тауып жаз. Қалай жасалғанын айт.

Көріп сүңгі қызығын
Үйге кетіп барамын.
Көтеріліп қызуым,
Ауырды-ай тамағым.
Мазам кетті түнімен,
Болды анам әбігер.
Емхананың бірінен
Келді үйге дәрігер.

(К. Шалқар)

Заттың қимылын білдіретін сөздер



- 1. Сөйлемдерді көркем жаз.
- Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой.

1. Оқушылар ағаш **екті**. 2. Мұрат жер **қазды**. 3. Асылбек су **әкелді**. 4. Бауыржан ағаштарды **суарды**. 5. Балалар көңілді.

- 2. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып көшір.

Алмас пен Тілек бір мектепте Екеуі дос, бірге жүреді, сабаққа бірге

Алмас хоккей Тілек футбол Балалар үзбей спорттық секцияларға

Керекті сөздер: дайындалады, оқиды, ойнайды, қатысады.

- 3. Мәтінді оқы.
- Заттың атын білдіретін сөздердің астын сыз. Көркем жаз.

Менің сіңлім бар. Ол өте әдемі сәби. Анам маған бөпемді тамақтандыруды үйретті. Мен оған тәтті сүт ішкіземін. Кейде жұмсақ печенье беремін. Кейде жылы су ішкіземін. Оның тез өсіп кетуін армандаймын.




- 4. Не қалай дыбыстайды?
- Сөйлем құрастырып жаз. Суреттерді боя.


Не шырылдайды?



Не қаңқылдайды?



Не қарқылдайды?





- 5. Сұрақтардың жауабын жаз.
- Кім не істейді? деген сұраққа жауап беретін сөздердің астын сыз.

Оқушыларды кім оқытады?

Киімді кім тігеді?

Шашты кім қияды?

Автобусты кім жүргізеді?

Заттың санын білдіретін сөздер



● 1. Мәтінді оқы.

● Заттың санын білдіретін сөздерді теріп жаз.

Бірінші сыныпта есеп сабағы жүріп жатыр. Мұғалім Қыңырды орнынан тұрғызып:

– Қыңыр, мен саған алдымен бір қоян, оның артынан екі қоян, сонан соң тағы да үш қоян бердім. Сонда сенің қояндарың қанша болады? – деп сұрақ қойды.

– Жеті қоян болады, апай.

– Дұрыс емес. Қайта есептеп көр!

– Апай, дұрыс қой. Сіз алты қоян бердіңіз. Үйде өзімнің бір қояным бар. Сонымен барлығы жеті қоян болады емес пе?!

(«Балдырған» журналынан.)



● 2. Жұмбақтардың шешуін тап.

● Заттың санын білдіретін сөздердің астын сыз.

1. Елу аяқты, екі қолды.

2. Екі аяқты,
Жүгіреді тым қатты.

3. Басында таяғы бар,
Төрт аяғы бар.
Сегіз тұяғы бар,
Иегінде сақалы бар.



- 3. Өлеңді мәнерлеп оқы.
- Заттың санын білдіретін сөздерді теріп жаз.

Оқушы

Еркесімін атамның,
Еркесімін апамның,
Жасым толып алтыға,
Мен оқушы атандым.
Сабағымды жақсы оқып,
Бүгін тағы «бес» алдым.

(«Балдырған» журналынан.)

- 4. Берілген сөздерден дұрыс сөйлем құрастырып жаз.

1. Отбасымыз, біздің, үлкен, және тату. 2. Он екі, шелек, Марал, су құйды, алма ағашқа. 3. Он үш, жаста, Азамат. 4. Кіргізді, сегіз, қой, екі, ешкіні, Болат, қораға. 5. Он бес, тауық, жиырма балапан, аулада, жүр.

- 5. *Неше? нешінші?* сұрақтарына көңіл аудар.
- Үлгі бойынша орында.

Бір – бірінші
Екі – екінші
Үш – _____
Төрт – _____

Бес – _____
Алты – _____
Жеті – _____
Сегіз – _____



● 6. Сөйлемдерді оқы.

● Заттың санын білдіретін сөздердің астын сыз.

1. Біздің үйде алты адам бар.
2. Бөлмеде екі адам отыр.
3. Үстелдің үстінде бес қарындаш жатыр.
4. Сөмкеде төрт кітап, үш дәптер бар.
5. Үйдің жанында жеті терек өсіп тұр.
6. Шалғында он қаз жүр.

7. Нақыл сөздерді есіңе сақта!

1. Бір шыбық шаншып өсірсең,
Халқыңа орман салғаның.
2. Бір тал кессең,
Он тал ек.



● 8. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз.

1. Аянның ... ойыншығы бар.
2. Аяжанда ... көйлек бар.
3. Сіз тұрған үй ... қабатты.
4. Қоянда ... аяқ, ... құлақ бар.
5. Оларда ... бөлме бар.

Керекті сөздер: алты, бес, жеті, төрт, екі, үш.

БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ

Заттың сынын білдіретін сөздер



● 1. Мына заттар қандай?

Алмұрт (қандай?)

Өрік (қандай?)

Шие (қандай?)

Қарақат (қандай?)

Керекті сөздер: қызыл, сары, жасыл, қара.

● 2. Толықтырып жаз.

Бала (қандай?) әдепті, ... , ... ,

Шие (қандай?) қызыл, ... , ... ,

Шырша (қандай?) жасыл, ... , ... ,

Су (қандай?) салқын, ... , ... ,

Орамал (қандай?) үлкен, ... , ... ,

● 3. Толықтырып жаз.

... қант

... бала

... көше

... алма

... аспан

... ат


Керекті сөздер: ашық, ақ, әдепті, кең, жақсы, төтті, жүйрік, қызыл, қара, ұзын, бұлтты.




● 4. Заттарды дәмі бойынша атап, жаз.

● Суреттерді боя.


Лимон (қандай?)




Құлпынай (қандай?)



Қызанақ (қандай?)



Қияр (қандай?)



Керекті сөздер: тұзды, дәмді, тәтті, қышқыл.



● 5. Заттардың көлемі бойынша атап жаз.

Үй (қандай?)

Өзен (қандай?)

Жол (қандай?)

Теңіз (қандай?)

Көше (қандай?)

Керекті сөздер: биік, таяз, кең, терең, тар.

● 6. Мәтінді оқы. Сын есімдерді тауып жаз.

Жиренше шешен бір күні жолда келе жатып, алдынан кездескен бір баладан:

– Дүниеде не тәтті, балам? – деп сұрайды.

Сонда бала:

– Бал тәтті, – деген екен.

– Ал жұмсақта не жұмсақ?

– Мамық жұмсақ.

Бұл баланың жауабын тыңдап тұрған екінші бала: «Осы сұрақтарыңызға мен жауап беріп көрейін, рұқсат етіңіз», – деп өтінеді.

Мәндес сөздер



- 1. Сөйлемдерді көшіріп жаз.
- Жазылуы бірдей, мағынасы әртүрлі сөздердің астын сыз.

1. Күн тал түс болды. 2. Түс көрмейтін адам болмайды.
3. Батыр, атыңнан түс.



- 2. Берілген сөздерге қарама-қарсы сөздерді тауып жаз.

Биік – _____

Жақсылық – _____

Таза – _____

Жаман – _____

Қысқа – _____

Батыл – _____

- 3. Берілген сөздерге мағыналары жақын сөздер тауып жаз.

Мейрам – _____

Қысқа – _____

Қиын – _____

Сәби – _____

Дәулет – _____

Өжет – _____

- 4. Қосмағыналы сөздерді оқы. Көшіріп жаз. Мағынасын түсіндір.

Көйлегімді жаңа,
Киіп көрдім жаңа.

САЯХАТ

Сөйлем. Сөз өзгерту



- 1. Өлеңді оқып, көшіріп жаз.

Көл жағалай шағаладай ақ шатыр,
Ақ шатырда «Жас ұландар» – жас батыр.
«Жаз жайнатып, Күн күлдіріп» өн салып.
Жалауларын жоғары ұстап сапта тұр.

(Ә. Ахметов)

- 2. Оқы.
- Сөйлемдерді тауып көшіріп жаз.

1. Қатты жел құйын.
2. Бурабай өте әдемі жер.
3. Аялдама автобус жолаушы.
4. Жаңбыр жауа бастады.
5. Жаңбыр тамшы сел.

- 3. Түбірге қосымшаның дұрысын жалғап көшіріп жаз.

Құс(-тер, -тар) – біздің дос(-іміз, -ымыз). Оның пайда(-сы, -сі) өте көп. Нұрбол екеуіміз құстарға жемшашар(-лер, -лар) жасаймыз. Табиғат(-ті, -ты) аялайық.



● 4. Мына сөздерге қосымшаларды жалғап көшіріп жаз.

Саз, мұра, қалам, береке, әсем, құыршақ, домбыра, саяхат, қала, бекет, аялдама.



● 5. Түбір сөздерге жалғау жалғап жаз.

● Жалғаудың әсерінен өзгеріске ұшыраған әріптің астын сыз.

Қайық, ит, ұшақ.

Менің қайығым _____

Сенің _____

Сіздің _____

Оның _____

● 6. Мәтінді оқы. Жұрнақ, жалғау жалғанған сөздерді екі бағанға теріп жаз.

Орманда ағаштар, саңырауқұлақтар, құстар, аңдар, жәндіктер көп болады. Орманның бірнеше түрі бар. Қайыңды орманда қайыңдар, шөптер, гүлдер өседі. Шыршалы орманның іші қаракөлеңке болады. Қарағайлы орманның іші жарық та құрғақ. Орманда әнші құстар көп кездеседі.

● 7. *-ға, -ге* жалғауын жалғап, дұрыс жаз.

Мұғалім _____

Оқушы _____

Дәрігер _____



● 8. Сөйлемдерді оқы. Дұрыс жалғауды таңда. Көшіріп жаз.

1. Шам(-нен, -нан) жарық жағылады.
2. Бота анасы(-нен, -нан) қалмай еріп барады.
3. Оқушылар саяхат(-тан, -тен) оралды.
4. Асан қала(-ден, -дан) ерте келді.
5. Қылыш(-тен, -тан) өткір тіл бар.

● 9. Көп нүктенің орнына тиісті жұрнақтарды қойып көшіріп жаз.

1. Ерт _____ ат, арқан _____ бұзау.
2. Жайыл _____ сөйлем.
3. Ұт _____ жол, төз _____ бала.
4. Ұрын _____ адам, мақтан _____ оқушы.

● 10. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып көшіріп жаз.

1. Ол – намыс... адам.
2. Кеш ... самал жел еседі.
3. Әсем... болма әрнеге, өнер... болсаң арқалан.
4. Әдеп... бала – ар... бала,
Әдеп... бала – сор... бала.
5. Кісі киімі кір... , кісі аты тер... .

Сөз жасау



● 1. Мына жұрнақтар арқылы жасалған мамандық пен кәсіп атауларын жаз.

-шы, -ші, -кер, -гер.

● 2. Сөздердің түбірі мен қосымшаларын жіктеп жаз.

Өнерпаздарға, домбырашылармен, сазгерлерді, суретшілермен.

оқу	шы	лар	мен

● 3. Бос орынға керекті сөзді жаз.

● Ағасы, інісінен сөздерінің түбірі мен қосымшасын ажырат.

Ағасы інісінен _____ үлкен.

Керекті сөздер: әрқашан, кейде, еш уақытта, анда-санда.



4. Көп нүктенің орнына *кімдер?* сұрағына жауап беретін сөздерді тауып жаз.

...
...
... лер

...
...
... дер

...
...
... тар

5. Төмендегі сөздерге көптік жалғауын жалға. Қарамен жазылған сөздерге сөйлем құра.

Құс, әже, **балапан**, оқушы, елік, сурет, **егінші**, кітап, түйе, ағаш, қала, көжек, доп, сан.

6. Суретті боя. Тірек сөздерді пайдаланып әңгіме құрастыр.




Тірек сөздер: саяхатшылар, жолаушылар, керуен.

Сөйлемнің түрлері



● 1. Суретті боя.

● Төмендегі сөздерді қатыстырып әңгіме құрастырып жаз.



Тірек сөздер: кеме, теңіз, батыл, саяхат, компас.

● 2. Өлеңді дауыс ырғағына келтіріп оқы.

● Қай сөйлемдер сұраққа жауап беріп тұр?

Кел, билейік, кел, билейік!

Неге тұрсың билемей?

Кел, билейік, іркілмейік,

Неге отырсың үйренбей?

(М. Әлімбаев)

● Өлеңнен хабарлы сөйлемдерді көшіріп жаз.

● Өлеңнен сұраулы сөйлемдерді көшіріп жаз.

● Өлеңнен лепті сөйлемдерді көшіріп жаз.



● 3. Аңыз әңгімедегі сөйлемдердің қойылмаған тыныс белгілерін қой.

Төле би Түлкі есімді жігіттің сұрақтарына жауап беріпті.

– Ата Алты Алаш деген кім – дейді жігіт.

– Алты Алаш – Алаша ханның балалары: қазақ, қарақалпақ, өзбек, түрікмен, қырғыз, башқұрт, – дейді Төле би

– Үш жүз деген кім

– Үш жүз – Қазақтың үш баласы

– Ағайынды кісілердің өкпесі немен тарайды

– Сағынысып көрісумен тарайды

(Төле би кітабынан.)

● Сұраулы сөйлемдерді көшіріп жаз.

● Өзіңе ұнаған сөйлемді көшіріп жаз. Неліктен бұл сөйлем ұнады? Түсіндір.

● 4. Өлеңді мәнерлеп оқып, көшіріп жаз. Лепті сөйлемдер қандай көңіл күймен айтылып тұр?

Тоқта! Дайындал! Жол ашық!

Үш көзінде белгі тұр:

«Балақандар, бол, асық!»

(Б. Исаева)

● 5. Сөйлемдердің соңына тиісті тыныс белгілерін қойып жаз.

1. Менің Отаным – Күн шұғылалы Қазақстан 2. Отанымыздың даңқы арта берсін 3. Көл жағасы қандай керемет 4. Біздің міндетіміз – жақсы оқу 5. Ертеңгілік тамаша өтті



● 6. Сөздерден сөйлем құрап жаз. Хабарлы сөйлемнің соңына қандай тыныс белгісі қойылады?

Көкем, қаладан, келді, кеше

- Құраған сөйлеміңді әртүрлі дауыс ырғағымен оқы:
- 1) хабарла;
 - 2) сұрақ қой;
 - 3) қуанышыңды білдір.

● 7. Мәтінді оқы. Тыныс белгілерін қой. Сөйлемдерді түрлеріне қарай ажырат.

- Тұмаудан қалай сақтануға болады
- Қалай
- Білмейсің бе Онда айтайын сарымсақ жеу керек
- Оны білемін Сарымсақты ұнатпаймын Мен антигриппин ішемін
- Ол дәрі ғой Сарымсақ дәрі емес
- Сенікі дұрыс екен

● 8. Сұраққа жауап бер. Жауабын жаз.

- Бәрі де киіз үйдің ішінде,
Балшықтан істеген ыдысым не?
(Құм...)
- Күбіге құйып піскенім не?
(Қы...)
- Ұйытып қойып ішкенім не?
(Ай...)
- Табаға салып жапқаным не?
(Н...)

Сөйлем құрау



- 1. Мына сөздерді қатыстырып сөйлем құрап жаз.

Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Тараз, Орал, Қостанай.

- 2. Мынау қай ертегінің кейіпкері? Суретке қатысты сөйлем құрап жаз.



- 3. Шашыраған сөздерді дұрыс орналастырып, ауа райын болжауда қалыптасқан халық қағидаларын жаз.

көп, аязды, болады, құйын, жазда, болса, қыс
сол, жылы, наурыз күні, көп болады, жақсылық, қар жауса
басталған, түні, жауады, ымыртта, бойы, жауын

Нәтиже сабақ



- 1. Аңсар үйге келгенде жазылған қағаз тауып алды. Оны кішкене қарындасы Ақнұр жазыпты. Ақнұрдың не жазғанын оқып көр. Қанша сөйлем бар? Көшіріп жаз.

Мен саябаққа серуендеуге кеттім, кешікпей келемін

- 2. Мақалды оқып, жаттап ал.
● Қарамен жазылған сөздерді түбірі мен жұрнағын ажыратып жаз.

Сулы жер құрақсыз болмас,
Таулы жер бұлақсыз болмас.

- 3. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қой, өлеңді көшіріп жаз.

Бақша...(-та, -да), дала...(-та, -да)
Кеше де, жаңа да,
Ду-ду ара...(-лер, -лар)
Гу-гу ара...(-дар, -лар)

(М. Әлімбаев)

САЛТ-ДӘСТҮР. МЕРЕКЕЛЕР

Байланыстырып сөйлеу. Диалог



- 1. Бесік жырын оқып, соңғы екі жолын көшіріп жаз. Тағы да екі жолды осы екі жолға ұйқастырып жаз.

Бесік жыры

Айналайын бота көзім,
Қайғы басса жұбатар.
«Апалаған» әрбір сөзің

Мені өзіңдей уатар.
Ұйықта, жаным, әлди-ай,
Анаң көңілі болсын жай.

(Қ. Мұқышев)

- 2. Керекті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Дүниеге келгеннен кейін _____ тойланады. 2. Тәй-тәй басқан кезде _____ өткізеді. 3. Мектепке барған балаға _____ жасайды. 4. Бала ержеткен кезде _____ өткізеді.

Керекті сөздер: бесік той, тұсаукесер, тілашар, сүндет той.

- 3. Мен кімін? деген сұраққа жауап бер.

Отбасында

Үлгі: Ата-анамның – ұлымын немесе қызымын

Ата мен әжемнің _____

Әпкемнің _____

Ағамның _____

Інімнің _____

Керекті сөздер: іні, қарындас, сіңлі, немере, бауыр.

- 4. Сұраққа жауап жаз.

1) Өзіңнің отбасыңда неше адам бар? _____

2) Олар кімдер? _____

3) Үйінде отбасылық қандай дәстүр қалыптасқан? _____



5. ● Жаңылтпашты оқы. ● Жаңылтпашты жаңылмай айт.

- Дұрыс! – деп Тұраш айтты,
- Бұрыс! – деп Бораш айтты.
- Жалған! – деп Жарас айтты.
- Рас! – деп Рәш айтты.

Қайсысы жалған айтты?

Қайсысы рас айтты?

● Лепті сөйлемдерді көшіріп жаз.

● 6. Мәтінді оқы.

Кірпі мен қоян

Бір күні қоян кірпіге келіп:

– Сенің тоның қандай жаман, ылғи тікенек. Менің тонымды айтсайшы, жұп-жұмсақ! – деп мақтанды.

Сонда Кірпі:

– Жаман болса да, тоным мені ит пен қасқырдың тісінен сақтайды. Сенің әдемі тоның солай сақтай ала ма? – дейді.

– Солай екен-ау, бірақ мені сақтайтын тоным емес, аяғым, – деп, қоян жорта жөнеледі.

● Сұраулы сөйлемді көшіріп жаз.

● Лепті сөйлемді көшіріп жаз.



- 7. Мәтінді оқы. Бірінші сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырып жаз.

Ақсүйек

Ай сүттей жарық түндерде, жаздыгүні қыздар мен ұлдар араласып ойнайды. Ойынға малдың жілігін қолданады. Сондықтан ойын «Ақсүйек» деп аталады. Жиналғандар екі топқа бөлінеді. Ойын бастаушы ақсүйекті лақтырады. Басқалары ақсүйектен көз алмай қарап тұруы керек.

- 8. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін қолданып құттықтаулар жаз.

Зор денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат, таусылмас талап, ұзақ өмір.

- 9. Өлеңді оқы, жатта. Көшіріп жаз.

Асқа бата

Дастарқаныңа береке берсін,
Бастарыңа мереке берсін.
Астарыңа адалдық берсін,
Бастарыңа амандық берсін.
Дендеріңе саулық берсін!
Әумин!

Мәтін



- 1. Ертегіні оқы, ат қой.

Күн, Ай және Жұлдыз үшеуі келе жатып, жолдың жиегінде отырған баланы көреді.

– Иә, балақай, кімді күтіп отырсың? – деп жөн сұрайды үшеуі.

– Ешкімді күтіп отырған жоқпын. Аяғыма тікен кіріп, жүре алмай отырмын, – дейді бала.

Бұлар баланы аяп кетеді. Алдымен көмекке Жұлдыз ұмтылады. Бірақ оның көмескі жарығына тікен көрінбейді. Енді Ай кіріседі. Ол да тікенді ала алмайды. Кезегі келгенде Күн айналаны жарқыратып жібереді. «Таптым!» – деп, бала тікенді өзі-ақ суырып алады. Бала риза болып, көрсеткен көмектері үшін үшеуіне де рақмет айтады. Әсіресе оның Күнге деген алғысы шексіз еді.

(Ә. Амангелдиев)

- Өзіңнің риза болған кездеріңді есіңе түсіріп, әңгімелеп жаз.

- 2. Мәтінді оқы.


- Отбасылық мерекелер туралы жаз.

Туған күн

Ақтоты туған күн кешін өткізді. Онда барлық достары болды. Туған күн кешінің алғашқы тосын сыйын Ая мен Мая жасады. Ая мен Мая Ақтотыға тәтті торт сыйлады.



● 3. Суретті боя. Суретті қатыстырып мәтін құрастыр.




● Наурыз мерекесін қалай тойлар едің?



- 4. Мәтінді оқы.
- Мәтінге ат қой.
- Кемпірқосақты боя.

Жауыннан соң кемпірқосақ пайда болады. Дөңнің ар жағында жап-жақын жерде тұрады. Мен қанша рет оның қасына жақын бармақ болып жүгірдім. Бірақ жете алған емеспін. Бір дөңнен ассам, тағы бір дөңнің ар жағына секіріп шығып алыстай беретін тәрізді. Көруін ап-айқын көресің. Ал бірақ жақындап қолмен ұстай алмайсың. Қызық.

(Б. Соқпақбаев)



ТАҒАМ ЖӘНЕ СУСЫН

Жазба жұмыстары



- 1. Мәтінді көркем жаз.

Қазақ өте қонақжай халық. Қонақтың алдына барлық тәтті тағамды қояды. Қазақ халқы асты өте жоғары бағалайды өрі қастерлей біледі. «Ас атасы – нан», «Ас – адамның арқауы» деп тегін айтпаған.

- 2. Батаны оқы.
- Ас батасын жатқа жаз.
- Бата деген не?

Әр күнің мерекелі болсын.
Тамағың дәмді болсын,
Дастарқан берекелі болсын,
Дастарқанның байлығын берсін.
Деннің саулығын берсін!

- 3. Қимылды сәйкестендір.

Апам нан	жинады.
Марат пен Әли шырын	пісірді.
Бақшадан алма	ішті.



- 4. Мақал-мәтелдерді жаттап ал. Көшіріп жаз.

Дастарқанда наны жоқтың
Тамағының сәні жоқ.

Тату үйдің тамағы тәтті.

- 5. Мәтінді оқып, көркем жаз.

Мектепте асхана бар. Ол бірінші қабатта. Асханада көп үстел және орындықтар бар. Үстелдер үш қатарда тұр. Асхананың үлкен төрт терезесі бар. Терезеде әдемі перде ілулі тұр. Асхана таза. Мен бүгін асханада кезекшімін.

- 6. Мәтінді оқып, айтып бер. 1-2 сөзге дыбыстық талдау жаса.

Тамақты асығып-аптықпай, көңіл күйің жақсы болып отырып іш. Сонда тамақ жақсы сіңеді. Тамақ ішіп отырғанда кітап немесе газет оқуға болмайды. Ол денсаулыққа зиян.



● 7. Мәтінді оқы. ● Тақырып қой.



Айран асқорыту жүйесін қалпына келтіруге көмектеседі. Алма шырыны бүйрек пен бауыр қызметіне жақсы әсер етеді. Әрі алма шырыны денсаулыққа пайдалы дәрумендерге бай. Қымыз – шипалы сусын.



● 8. Дастарқан мәдениетіне қатысты сөйлемдерді оқы. Есіңе сақтап көшіріп жаз.

Қолды жумай тамақ жеуге отырма. Тамақты асықпай іш. Тамақ ішкен соң тұрып кетуге болмайды. Өйткені тамақтан соң ас қайырылып, бата беріледі. Үй иесіне жақсы тілек айтылады.



● 9. Жұмбақтардың шешуін тап. Боя.

1. Оңынан оқы –
Тағаммын.
Соңынан оқы –
Тағаммын.



2. Бойы бір қарыс,
Сақалы екі қарыс.



● 10. Мәтінді түсініп оқы. Мәтінге тақырып қойып көшіріп жаз.

Оқу жылы аяқталып келеді. Мен ана тілі, математика, сурет пәндерін жақсы көремін. Әр пән ойлау қабілетімізді дамытады. Дұрыс жазып, сауатты сөйлеуге үйретеді. Сондықтан барлық пәнді жақсы оқимын. Менің болашақта танымал тігінші болғым келеді.

ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

Тілдік нормалар.

Орфографиялық нормаларды сақтау



● 1. Мәтінді оқы.

● Қарамен жазылған сөздерді буынға бөліп жаз.

Бүгінгі таң күндегідей болған жоқ. Малың сауып, **дастарқанын** жайып қойған соң, әжесі **немересінің** бөлмесіне кірді. Кірсе, бала кереуетінде жатыр екен. **Әлдеқашан** оянып алыпты.

– Әже, мен ояндым, – деді еркелей сөйлеп.

– Жарайсың, құлыным. Өздігіңнен оянсаң – жігіт болғаның. Енді тұрып, салқын сумен жуынып кел. Сонан соң екеуіміз таңғы асымызды ішейік.

(«Балапан» журналынан.)

● 2. Мәтінді оқы.

● Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып көшіріп жаз.


Адам ағзасында көптеген микр...бтар болатынын білесің бе? Олар тіске жабысқан т...тті тағамдардың қалдықтарымен қ...ректеніп, тістің бүлінуіне, шіруіне әкеледі. Үнемі тіс д...рігеріне қаралған жөн.

● 3. Жаңылтпашты тез айтып жаттық! Жатқа жаз.

Доп теп,
Дөп теп,
Көп теп.



- 4. Торкөздің ішіндегі буындарды белгілі бір ретпен құрастырғанда, денсаулық туралы мақал шығады. Мақалды оқы, жаз.



- 5. Өлеңді мәнерлеп оқы.
● Жатқа жаз.

Ойын

Ойын маған ұнайды,
Көп ойнауға болмайды.
Күні бойы доп құсаң,
Білім, ақыл қонбайды.

- 6. Мәтінді түсініп оқы.
● Мәтінге тақырып қой. Бас әріппен жазылған сөздерді тауып астын сыз.

Ертесіне Әли балалармен бірге асық ойнады. Бірте-бірте асық ойынының тәсілдеріне де үйренді. Тіпті, Сапар мен Сәбиттермен бірге асықтардың арасынан сақаны да бірден табатын болды. Асыққа қорғасынды балқытып құюды да тез арада меңгеріп алды.



● 7. Өлеңді мәнерлеп оқы.

● Өлеңнен мақал-мәтелді тауып жаз. Мақалды қалай түсінесің?

Естіген ел не дейді?
Ас – адамның арқауы.
Асты бірақ көп жейді –
Адамдардың жалқауы.
Қыста, күзде, жазда да,
Не берсе де жей берме.
Қанағат қыл азға да,
«Тойған жоқпын!» дей көрме.

(«Балдырған» журналынан.)



● 8. Мәтінді оқы.

● Кісі атын білдіретін сөздердің астын сыз.

● Мәтінде кездесетін спорт түрлерін білдіретін сөздерді теріп жаз.

Жасұлан Қыдырбаев – ауыр атлетикадан қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы. Ол бала кезінен спортшы болуды армандапты. Ылғи көк Тудың көкке көтеріліп, Әнұранның шырқалып жатқанын көз алдына елестетіп өсіпті. Жасұланды ата-анасы кішкентай кезінде шахмат, таэквондо, күрес үйірмелеріне де қатыстырған көрінеді. Бірақ Жасұлан өсе келе зілтемірші болуды таңдапты.

Оқу басылымы
Биисова Аслима Қабекешовна
Байтурсынова Айгуль Аманжоловна
Джусупкалиева Лаура Жалгасбаевна

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы
мектептердің (сыныптардың) 3-сыныбына арналған
жұмыс дәптері

Редакторы Г. Ж. Есенжолова
Суретшісі Д. И. Белов
Компьютерде беттеген С. К. Ильясова

Басуға 27.05.2020 қол қойылды.
Есептік баспа табағы 6. Шартты баспа табағы 5,58.
Пішімі 60x84 ¹/₈. Офсеттік қағаз